



Тақырыбы:

**Жаңаша білім беру: жаңа
талап жаңа мүмкіндік**

Студенттерді оқыту мен дамыту бүгінгі күннің педагогикалық жаңа талабы мен мүмкіндігі. Біздің студенттеріміз үнемі ең озық жабдықтармен және заманауи өндірісте жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс. Қазіргі заманға бейімделген болу үшін әрбір студентке жеке адам ретінде өзіне тән ой-өрісі, еркін-жігер жеке дара әрекет жасауға міндет қойылып отыр. Қазіргі уақытта ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарына сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану оқытушының біліктілігіне, біліміне, тәжірбиесіне байланысты.

Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын студенттердің ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау. Біздің практикамызда қазіргі қоғамдағы студенттердің жетістіктеріне ықпал ететін балалардың негізгі құзіреттеріне ықпал ететін инновациялық технологияларды енгізу қажет. Біз өз тәжірибемізде қолданатын заманауи білім беру технологияларын сіздерге ұсынамыз.



Мәселенің шешімін іздеу барысында биология пәнінен сабақ бергендіктен денсаулықты сақтау тәсілін көбірек пайдаланып ақпараттық және коммуникациялық ойын технологияларын, ынтымақтастық педагогикасын дамытушылық оқытуды енгізу арқылы жүзеге асатын педагогикалық қызметімде қолданамыз.

Әдістер	Сабақ түрі
Проблемалық әдіс	Пікір – талас сабағы
Оқуыға жеке және сараланған тәсіл	Ойын сабақ
Топпен жұмыс	КВН, Экскурсиялық сабақ, Кіріктірілген сабақ

Проблемалық оқыту технологиясы.

Мақсаты: Студенттерді тауелсіз ашылулар мен жаңалықтар жолымен жүруге үйрету. Бұл технологияның өзектілігі студенттердің танымдық қызығушылықтарын арттыра отырып, оқу іс-әрекетіне деген мотивациясының жоғары деңгейімен анықталады, бұл туындайтын қарама-қайшылықтарды шешуде группада проблемалық жағдайларды жасау кезінде мүмкін болады. Мүмкін болатын қиындықтарды жеңу кезінде студенттер жаңа білімді, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін дағдыларын игеруге үнемі мұқтаж болады

1. Қарама-қайшылықты және проблемалық жағдай туғызатын тапсырма
2. Проблемалық жағдайды талдау, Проблеманы тұжырымдау
3. Мәселенің шешімін іздеу
4. Жаңа білімді бастапқы меңгеру, тәрбиелік іс-әрекеттердің әдістері

Кез келген сабақта әртүрлі технологияларды қолдану әрқашан бір-бірінен бөлек бола бермиді, олар бірлесіп қолданылады.

Химия пәні бойынша оқыту сабақтарын одан әрі жетілдіру келесі факторларға байланысты:

- Мультимедиялық – дыбысталған бейне және слайд фильмдер, анимация, графика
- Аудио және бейне ағынын пайдалану
- Бақылау және тест тапсырмаларының көп түрлілігі
- Мультимедианың арқасында оңай сіңірілетін материалдарының үлкен көлемі
- Тыңдаушылардың өзара қары-қатынасы
- Курстарды жеткізудің аралас әдістерін қолдану: Интернет жүйелері т.б. бағдарламалар.

Қорытынды

Жаңаша білім беру әдісі жалпы студенттердің пәнге деген қызығушылығын және оқу сапасын арттырады, және өз бетімен жаңа ақпарат меңгеруге тырысады. Студенттерге кәсіби бағдар беру технологиясы арқылы нағыз маман иесіне айналдыру.